

ANA TILI

Ұлт Тазісі

1990 жылғы
наурыздың 22-сінен
бастап шығады

Жазушы бақыты – оқырманының көп болуы



Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің студенттері «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы, белгілі жазушы, Президент сыйлығының иегері Жұмабай Шаштайұлымен кездесу өткізді. Бұл шараны ұйымдастырған – университеттің «Қолтаңба» атты студенттер клубының мүшелері.

Құрылғанына әлі көп уақыт өте қоймаса да, клуб мүшелерінің атқарып жатқан іс-шаралары көңіл қуантарлық. Осының алдында ғана олар белгілі ақын, сазгер әрі драматург Исраил Сапарбаймен кездесу өткізген болатын. Бұл жолғы кездесуге жазушы Жұмабай Шаштайұлын шақырған екен. Оның да өзіндік себептері бар.

Ж.Шаштайұлы – қазіргі қазақ әдебиетінің проза жанрында өзінің қолтаңбасын қалыптастырған және өз оқырманын тапқан қаламгер. Өткен жылы «Ан Арыс» баспасынан жазушының екі томдық шығармалар жинағы жарық көрген болатын. «Мәдени мұра» бағдарламасының аясында Алматы облысының бұрынғы әкімі Серік Үмбетовтің қолдауымен шығарылған екі томдықтың «Тау мен дала» деп аталатын бірінші томына – повестері мен әңгімелері, ал екінші томына «Аяз би» романы еніпті.

Осы екі томдыққа енгізілген шығармаларымен толықтай танысып, оқып шыққан студенттер өздерінің сүйікті жазушысымен емен-жарқын пікір алысты. Өздерін мазалаған сауалдарына автордың жауап қайтаруын қалаған екен. Бұл кездесу шын мәнінде жазушы мен оқырман арасындағы жарасымды диалогқа ұласты.

– Жұмабай аға, сіздің шығармаларыңыз, негізінен, ауыл өмірін, оның ішінде төрт түлік мал өсіріп, оның ыстық-суығына шыдаған малшылар жайлы екен. Бұл өзі айтуға ғана жеңіл. Әйтпесе күрделі тақырып қой. Солай емес пе? Олай болса, сіз бұл тақырыпты таңдауыңыздың себебін айтпайсыз ба?

Ж.Шаштайұлы: – Қойған сұрағың орынды, мұнда ешқандай құпия сыр жоқ. Мен өзім де сол малшылар арасында болып, қой баққан баламын. Мектепті бітірген жылы оқуға түсе алмай қалған соң шаруашылықтың қойын бақтым.

Филология ғылымдарының докторы, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бөлім меңгерушісі Айгүл Исмақова:

– Мен Жұмабай Шаштайұлының шығармаларымен алғаш рет 1980 жылдардың басында таныстым. Алғашқы әңгімесі «Қызыл қар» деп аталады. «Жұт» деген сөздің мән-мағынасын Жұмабай ағаның осы «Қызыл қар» әңгімесі арқылы ұғынған болатынмын. Қыстың күні тұяғымен қарды аршып жайылатын жылқының 43 градустық аязда түкке шамасы келмей қалады екен. Оның қасында қой малы не істесін. Тұяқтары қып-қызыл болып қанап, аштан қырылады. Міне, осы көріністі жазушы Жұмабай Шаштайұлы қандай нанымды суреттейді десеңізші! Егер ол жағдайды өз көзімен көрмеген болса, басынан өткізбеген болса, қалай жазбақшы. Жазушының қай шығармасын алып оқысаңыз да, автор қалың оқиғаның ортасында жүреді. Онда жалаң баяндау жоқ. Бұл – жазушының шеберлігі.

Ж.Шаштайұлы: – Мен жазушы ретінде өз тілімді аса бай деп айта алмаймын. Мен, әсіресе, мына қасымда отырған белгілі сыншы, филология ғылымдарының докторы, профессор Бекен Ыбырайымов ағаларындай көсілтіп, төгілдіріп жаза алмаймын.

Бекен Ыбырайымов:– Жұмабай ағаларың әзіл айтуға құмар. Юморы басым сөздерінің. Оның басты бір ерекшелігі, адами жақсы қасиеті – өзінің атына айтылған сын-ескертпені

дұрыс қабылдай білетіні дер едім. Кейбір жазушылар шығармасына сын айтсаң, ол сені жау санайды. Сенімен сөйлеспейді. Ал Жұмабай ондай емес. Сынды оң қабылдайды. Мен оны осы қасиеті үшін де құрметтеп, сыйлаймын. Мұндай жазушылар өте аз. «Аяз би» романы – сондай сынға төтеп берген шығарма.

Айгүл Исмақова: – Жұмабай аға тілім аса бай емес деп айтып отыр ғой. Шын мәнінде, олай емес. Сылдыр сөз, құрғақ баяндау әдебиеттің салмағын, құнын түсіреді, оқырманды мезі қылып, шаршатып жібереді. Шығарма кейіпкерлері өз тілдерінде сөйлесуі керек. Олардың ауыздарына сұлу сөзді салудың қажеті жоқ. Бала – баланың тілінде, быдық – быдықтың тілінде сөйлегенде ғана шығарманың шырайы кіріп, оқиға желісі сенімді шығады.

–Сіздің шығармаларыңыздағы кейіпкерлердің прототиптері өмірде болған адамдар ма?

Ж.Шаштайұлы: – Мен кейіпкерлерімді қиялдан алмаймын. Бәрі де – өмірдің өзінен алынған жандар. Менің шығармаларымда суреттелетін жердің, жайлаудың, таулардың атаулары да – сол өзім туып-өскен Алматы облысының Жамбыл ауданы аумағындағы жерлер. Өзім аралаған, табаным тиген, ауасын жұтқан, суын кешкен таныс табиғат көріністері.

– Сіздің екінші томыңыздың атауы «Аяз би» деп аталады. Осылай деп ат қоюыңыздың қандай себебі бар?

Ж.Шаштайұлы: – Сұрақ орынды қойылып отыр. Алғашқы кезде мен романға «Біздің заманымыздың Аяз биі» деген тұрғыда атау берген болатынмын. Шынында да, әр заманның өз Аяз билері болады емес пе? Сондықтан кешегі Аяз бидің кебінде болған бүгінгі Аяз биіміздің жаңсақ басқан тұсы қайсы, қарапайым пенде ретіндегі өкініш, қуаныштары қандай? Дәл қазір егеменді Қазақ елінің Аяз билері кеңселерінің немесе үйлерінің босағаларына көнетоз шапанын іліп, тәубелеріне түсе ала ма деген сияқты астарлы сауалдарға жауап ізделеді. Осы шығарманы жазуыма мынадай оқиға себеп болған сияқты. Қазіргі Көк базардың алдындағы 9 қабатты ғимаратта газет-журналдардың редакциялары мен «Дәуір» баспасы орналасқан болатын. Түскі үзіліс кезінде ғимараттың астыңғы қабатындағы асханаға барсам, кезінде ауданның бірінші хатшысы болған, ысқырығы жер жарып, түкірігі жерге түспеген азамат көппен бірге тамақтың кезегінде тұр екен. Онымен біраз уақыт сұхбаттасудың сәті де түскен. Кейін әлгі кеңестік кезеңнің өліара тұсындағы қоғамның партиялық номенклатура деп аталатын бөлшегінің былайғы жұрт біле бермейтін құпияға толы қатпарларын тереңірек ашуға тырыстым. Ақылдаса-кеңесе келіп, атын «Аяз би» деп қоюға ұйғардық.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Гүлзия Пірәлиева:

– Біз бүгінгі жастарды кітап оқымайды деп жалпылама кінәлауға бейім тұрамыз. Сөйтсек, осы мәселенің астарына үңіле бермейді екенбіз. Мен мына студенттердің белсенділіктеріне таңғалып отырмын. Олардың қойып отырған сұрақтары қандай, сөз саптаулары қандай. Кітап оқуға тәрбиелеудің, шығармашылықпен айналысуға баулудың мәні мен мәнісін білуіміз керек екен ғой. Демек, жазушы Жұмабай Шаштайұлының шығармалары өз оқырмандарын тапқан екен. Бұл – қуанарлық жағдай. Жазушының басты бақыты – оқырмандарының көп болуында. Бүгінгі студенттер – ертеңгі мамандар ғой. Шығармалардағы кейіпкерлердің қай-қайсысы да бұлардың жанына жақын. Бәрі де – сол ауылдан шыққандар. Ендеше, дәл осындай кездесулер, осындай ашық пікір алысулардың жазушыға да, оқырманға да берер пайдасы көп болмақ.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Темірхан Тебегенов:

– Жазушы Жұмабай Шаштайұлының шығармашылығы турасында арнайы әзірлеген баяндамама бар еді. Оны оқып берудің енді қажеті жоқ сияқты. Өйткені кездесудің баяндамасыз-ақ жарасымды, қызықты өткенін бәріңіз де көріп отырсыздар. Студенттер өте белсенділік танытты. Сондықтан менің бұған қосып-аларым жоқ десем де болғандай. Дегенмен менің бір ғана айтайын дегенім, жазушының көтеретін басты тақырыптары ауыл еңбеккерлерінің өмірі, сол ауылды басқарған атқамінерлер мен қарапайым малшылардың арасындағы қарым-қатынас, қайшылықты оқиғалар баяндалады. Шығармаларды оқи отырып, өзіңіз де еріксіз сол өмірге араласып кеткендей боласыз. Шығарма сізді еріксіз өз иіріміне тартып алып кетеді. Бұл, сөз жоқ, қаламгердің таланты. Автор өмірде болып жатқан кез келген қарапайым оқиғалардың астарынан психологиялық сыр суыртпақтайды. Көпшіліктің назарына іліге бермейтін кішкентай тағдырдың таудай трагедиясын суреткерлік шеберлікпен ашып көрсете біледі. Бұл – жазушы үшін сирек кездесетін қасиет.

– Сіз қай жазушыны идеал тұтасыз?

Ж.Шаштайұлы: – Мен өзіме Мұхтар Әуезовтей ұлы жазушыны идеал тұтамын. Мен оның шығармаларын, әсіресе, «Абай жолын» сан мәрте қайталап оқыдым. Қазақтың ұлы қасиеттерін, тек қазақта ғана бар тәрбиелік тағылымдарды осы шығармалардан алғандаймын. Бір ғана шағын эпизод. Абай Семейде медреседе оқып, екі жылдай ауылына келмей, сағынып келе жатады. Ауылына жақындағанда алдынан шыққан анасын көрген Абай жүгіре жөнеледі. Сол кезде анасы ұлына:– Алдымен әкеңе сәлем бер! – демей ме? Қандай тәрбие! Әкені сыйлау, құрметтеу дегенді көрсетіп отыр. Мен өз шығармаларымдағы әке мен баланың, ана мен баланың арасындағы сыйластық, түсіністікті осы бағытта суреттеуге тырыстым. Әйтпесе Құнанбайдың қажылық сапарға аттанып бара жатқан сәттегі бәйбішесімен арыздасуы қандай керемет суреттелген! Мұны Әуезов қана дәл осылай жаза алған. Әбдіжәмил Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясы да – ұлы туынды. Бұл жазушылардың қай-қайсысы да тұтас бір-бір дәуірді қамтыған оқиғаларды жазған. Олар – сонысымен ұлылар қатарына қосылған классиктер. Кездесуді университеттің әкімшілік басқармасының бастығы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Б.Сманов қорытты.

Есенәлі ЕРАЛЫ,

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Ақпарат-баспасөз орталығының қызметкері**